

«Бекітемін»
«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№2 бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
меңгеруші м.а. Г.Конырбаева *Г.Конырбаева*
« 31 » « 08 » 2022 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Мечтатели» ересек тобы**

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі: Ботантаева Жаннат Асановна

Балалардың жасы: 4 жас

Ұйымдастырылған іс-әрекет: қазақ тілі

№	Мерзімі	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді қолдана білуге үйрету. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Балабақшаға қатысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлерде сөйлемді толық анық айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Үлгі бойынша ойыншықтар туралы қысқа мәтін құрастыра білуге үйрету.
2	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы мен дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету. Сөздік қор. Балаларға күз туралы, жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінігін кеңейту, олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендері, оның адам денсаулығына маңызы жөнінде білімдерін тереңдету арқылы сөздік қорын молайту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлерде сөйлемді толық анық айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларға өз ойларын грамматикалық формада және байланыстырып сөйлеуге төселдіру.

3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын өсімдіктердің, аңдардың, құстардың, жануарлардың атауын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың сынын, санын, білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; 3-ке дейін санауды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Жай сөйлем құруға үйрету.
4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздерді мұқият тыңдап, бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор. Күнделікті өмірде қолданылатын кейбір ауа райы құбылыстарының атауын және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; 5-ке дейін санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстардың аталуын жаттықтыру. Сөздік қор. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтырып дамыту. 5-ке дейін тура және кері санауды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды сөйлемдерді және сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.

6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі берілген сөздердің дұрыс айтылуын қадағалау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қор. Тақырып бойынша заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Берілген тақырып бойынша жай сөйлемдерді құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Заттар мен суреттерді қысқаша сипаттауға үйрету.
7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздердегі ү, ұ, і, ғ дыбыстарын анық айтуға үйретіп, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Артикуляциялық және тілдік есту қабілетін дамыту. Сөздік қор. Көктем мезгіліне қатысты табиғат құбылыстарын, табиғаттағы әсемдікті сын есімдерді қолдана отырып сипаттай білуге үйрету. 5-ке дейін тура және кері санау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Байланыстыра айтылған сөздерді игертіп үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің үлгісі бойынша табиғатты қысқаша сипаттауға үйрету.
8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдің дыбысталу мәдениетін дамыту. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор. Балаларға көлік түрлері туралы білім беру (ауа, жер, су көліктері). Тілдің грамматикалық құрылымы. Жаңа сөздер арқылы сөйлем құрастыруды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Алгоритм бойынша көлікке сипаттама беруге жаттықтыру.
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту. Сөздік қор. Балаларды өз дене мүшелері туралы айтуға үйрету. Заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; 5-ке дейін тура және кері санау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды сөйлемдерді құрастыру барысында зат есімдерді етістіктермен және сын есімдермен бірге қолдануын қалыптастыруға жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу)

